

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылымдары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/267 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 20 шілдеде № 11702 болып тіркелді.

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырган Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және-жол құрылымдары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өндеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі

A. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Иsekешев

2015 жылғы 19 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 28 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 8 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Қасымов

2015 жылғы 16 маусым

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2015 жылғы 30 наурыздағы

№ 4-3/267 бүйрүгімен

бекітілген

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.07.2020 № 233 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылым машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 16) тармақшасына және "Мемлекеттік қорсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

**ЕскеRTу. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидалар тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол құрылым машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан әрі – машиналар) мемлекеттік тіркеу тәртібін және "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылым машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (төлнұсқасын) және мемлекеттік номірлік белгі беру" мемлекеттік қызметтің (бұдан әрі – мемлекеттік қорсетілетін қызмет) қорсету тәртібін айқындауды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе – "E-Agriculture" агроОнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" ақпараттық жүйесінің "Ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеу" кіші жүйесінде машиналар және оларды иеленушілер туралы мәліметтерді орталықтандырылған есепке алушы қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

1-1) көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассилерінің паспорттары) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттары жүйесі (бұдан әрі – электрондық паспорттар жүйесі) – есептеуіш және коммуникациялық жабдықты, бағдарламалық қамтылымды, лингвистикалық құралдарды, ақпараттық ресурстарды, жүйелік персоналды және осы жүйеде белгіленген қағидалар бойынша өзара іс-қимыл жасайтын қатысушылар мен пайдаланушыларды қамтитын, сондай-ақ осы жүйенің белгіленген функцияларын орындаудың ақпараттық технологиясын іске асыратын құрылымдалған кешен;

2) машина иесі – өзіне тиесілі автокөлікті өз қалауы бойынша иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқығы бар жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер немесе занды тұлға;

3) машиналарды есептен шығару – машиналарды жоғалтуға, басқа адамға иеліктен шығаруға, сондай-ақ кәдеге жаратуға немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты болуға әкетуге байланысты машиналарды мемлекеттік тіркеуді тоқтатуға байланысты іс-қимылдар;

4) машиналарды иеленуші – өзінің меншік құқығы немесе уақытша иелену және пайдалану құқығы негізінде ағымдағы уақыт кезеңінде машинаны нақты иеленуді жүзеге асыратын жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер немесе занды тұлға;

5) машиналарды қайта тіркеу – тиісті құқықтық негіздер болған кезде машинаның тіркеу деректеріне және тіркеу құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

6) машиналарды мемлекеттік тіркеу – құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексергеннен кейін машиналарды тіркеу жөніндегі тіркеу пункттері жүзеге асыратын ақпараттық жүйеге машина деректерін енгізу және тіркеу құжаттарын беру (бұдан әрі – машиналарды тіркеу) арқылы машиналарды мемлекеттік тіркеу және есепке алу тәртібінің ресімі.

Машинаны тіркеу олардың Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде пайдалануға болатынын растайды;

7) машиналарды тіркеудің электрондық тізілімі – ақпараттық жүйеде көрініс тапқан машина, меншік иесі, иеленуші, мемлекеттік тіркелетін нөмірлік белгі (бұдан әрі – нөмірлік белгі), техникалық паспорт, машиналарды тіркеу есебінен шығару туралы мәліметтер жиынтығы;

8) нөмірлік агрегат – зауыттық тіркеу нөмірі бар машинаның негізгі құрамдас торабы (шасси, қаңқа);

8-1) өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің паспорты – жұмыс көлемі елу текше сантиметрден жоғары іштеп жану қозғалтқышы немесе ең жоғары (жиынтық) қуаты төрт киловаттан асатын электрлі қозғалтқышы (электрлі қозғалтқыштары) бар тракторларға, өздігінен жүретін жол-құрылыш, коммуналдық, ауыл шаруашылығы машиналары мен жер үстінде рельссіз жүретін басқа да механикалық көлік құралдарына (жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарымен жол жүргуге арналған, ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына елу километрден асатын автомотокөлік құралдарын қоспағанда) және олардың тіркемелеріне берілетін паспорт;

8-2) өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорты – өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттары жүйесінде ресімделген өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің паспорты;

9) өтімділігі жоғары арнайы машиналар – ең жоғары конструктивті жылдамдығы сағатына елу және елу километрден аз квадроциклдер және қаршаналар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының СТ РК В 1029 "Конверсиялық техника" әскери ұлттық стандартының талаптарына сәйкес жасалған конверсиялық техника;

10) сәйкестік сертификаты – техникалық реттеу объектілерінің техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

11) сәйкестік туралы декларация – өндіруші, импорттаушы, өндіруші немесе сатушы уәкілеттік берген тұлға айналысқа шығарылатын өнімнің, процестер мен қызметтердің техникалық регламенттер мен стандарттау құжаттарының талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

12) тіркеу құжаты – көрсетілетін қызметті беруші беретін, машинаға арналған ресми құжат болып табылатын, машинаның жол қозғалысына қатысуына және пайдаланылуына рұқсат етілгенін растайтын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық паспорт;

13) тіркеу іс-қимылдары – тіркеу пункттерінің ақпараттық жүйеге өзгерістер енгізе отырып, машиналарды тіркеуді, уақытша тіркеуді, қайта тіркеуді, есептен шығаруды жүзеге асыруға байланысты қызметі;

14) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жасалған және электрондық құжаттың түпнұсқалығын, оның меншік құқығын және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

**Ескерту. 3-тармақ жана редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.05.2024 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.**

4. Мемлекеттік қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші)) көрсетеді.

5. "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыш машиналарын, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Машиналарды тіркеу іс-қимылдары туралы мәліметтер жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тіркеу құжаттарын бергенге дейін ақпараттық жүйеге енгізіледі, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналарды тіркеудің электрондық тізілімі қалыптасады.

7. Машиналарды иеленушілер машиналар өздерінің меншігіне (иелігіне) түскен, өздерінің меншігінен (иелігінен) шығарылған не машиналарды тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу (қайта тіркеу) немесе тіркеу есебінен алу қажеттігіне әкеп соқтыратын міндеттемелер туындаған сэттен бастап құнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде машиналарды тіркеу (қайта тіркеу) немесе тіркеуден шығару үшін осы Қағидаларда белгіленген іс-қимылдарды жасайды.

8. Осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген, басқа тілдерде толтырылған құжаттар тіркеу іс-қимылдарын жүргізу үшін мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылған және бір тілден екінші тілге аударманың дұрыстығын нотариустың не аударманың дұрыстығын куәландыру жөніндегі іс-қимылдарды жасауға құқығы бар басқа лауазымды адамның қолымен расталған күйінде ұсынылады.

9. Машиналарды тіркеу (қайта тіркеу) үшін берілген құжаттар:

1) олардың толтырылған күнін;  
2) олардың толтырылған орнын;  
3) машина туралы мәліметтерді (маркасы, моделі, шығарылған жылы, машинаның зауыттық нөмірлері);

4) өкілеттілігі мөрмен расталатын уәкілетті адамдардың (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда) қолын қамтиды.

10. Қазақстан Республикасына әкелінетін, шетелдік тауар болып табылатын машиналар кедендік декларациялаудан және кедендік тазартудан өткеннен кейін тіркеледі.

Қазақстан Республикасына әкелінетін, Еуразиялық экономикалық одактың (бұдан әрі – ЕАЭО) тауары болып табылатын машиналар кедендік декларациялаудан және кедендік тазартудан өтпестен тіркеледі.

**2-тарау. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол құрылышы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

**1-параграф. Машиналарды тіркеу**

11. Көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін тіркеу орнына (көрсетілетін қызметті берушіге) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық нысанда не тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңесіне қағаз түрінде Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Өтінішті қағаз түрінде тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) арқылы берген кезде:

1) тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) кеңесінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді жүзеге асырады және құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын өтініштің көшірмесінде көрсете отырып, құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы белгімен өтініштің қабылданғанын растайды және тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына жібереді;

2) тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысы құжаттарды қарастырады және тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысына (бұдан әрі – инженер-инспектор) орындау үшін жібереді.

3) инженер-инспектор тіркеу іс-қимылдарын жүргізеді және деректерді ақпараттық жүйеге енгізеді және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды және қол қою үшін тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына жолдайды;

4) тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қояды және тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) кеңесінің қызметкеріне жолдайды;

5) тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) кеңесінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға тіркеу құжатын (төлнұсқасын) және (немесе) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап береді;

Өтінішті портал арқылы электрондық түрде берген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымының қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі;

2) инженер-инспектор портал арқылы келіп түскен құжаттарды қарастырады, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін дайындайды және қол қою үшін тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына жолдайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беру уақыты мен орнын көрсете отырып, тіркеу құжатының (телнұсқаның) және (немесе) нөмірлік белгілердің дайын болғаны туралы хабарлама не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап жібереді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқаруышының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Портал мен ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Ақпараттандыру туралы зан) 43 -бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Электрондық паспорттар жүйесі мен ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы Ақпараттандыру туралы заңының 38-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Тіркеу іс-қимылы және тіркеу құжатын (телнұсқасын) және машиналарға арналған нөмірлік белгіні беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) ақпараттық жүйе операторын (бұдан әрі – оператор) дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор еркін нысанда техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған тіркеу пунктіне (көрсетілетін қызметті берушіге) қол қойдырады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Министрлік және тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидалар бекітілген немесе өзгерілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.05.2024 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Тіркелген машиналарға тіркеу пункті (көрсетілетін қызмет беруші) "Механикалық көлік құралдарының жекелеген түрлеріне және олардың тіркемелеріне арналған жарықты шағылыстыратын жабыны бар мемлекеттік тіркеу белгілері. Техникалық шарттар" ҚР СТ 1176 Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес дайындалған тиісті үлгідегі техникалық паспорттар мен нөмірлік белгілер береді. Бір машинаға бір нөмірлік белгі беріледі.

Бұл ретте техникалық паспорттар бланкілерінің сериясында және нөмірлік белгілерде қолданылатын Қазақстан Республикасының облыстары мен қалаларының латын транскрипциясындағы әріптік белгілерінің тізбесі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолданылады.

Тіркеу құжаттары мен машиналардың нөмірлік белгілерінің жұмсалуы сериялар мен олардың цифрлы нөмірлерінің өсу тәртібімен ақпараттық жүйеде жүргізіледі.

Келіп түсетін және шығарылатын нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың саны осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың келіп түсін және берілуін есепке алу журналында көрсетіледі.

Нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың келіп түсін және берілуін есепке алу журналы, сондай-ақ тіркеу құжаттарының бланкілері мен нөмірлік белгілер машинаның тіркелген орны бойынша сақталады.

Толтыру кезінде бүлінген тіркеу құжаттарының бланкілері, одан әрі пайдалануға жарамсыз нөмірлік белгілер оларды қайта пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын құралдармен және тәсілдермен кәдеге жаратылады, ол туралы тиісті актілер жасалады.

Нөмірлік белгілерді қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді реттеуді тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) жүргізеді.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.05.2024 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

17. Тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) нөмірлік белгіні бермей берген тіркеу құжаты машинаны жол қозғалысына қатысуға рұқсатсыз пайдалануға рұқсат етілгенін растайды.

Машинаның техникалық көрсеткіштері Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келген кезде, машинаны тіркеу машинаға нөмірлік белгіні және тіркеу құжатын бере отырып жүзеге асырылады.

Машинаға арналған тіркеу құжаты және нөмірлік белгі машинаның жол қозғалысына қатысуына рұқсат етілгенін растайды. Мемлекеттік тіркеу тек Қазақстан Республикасының аумағында жүрген машиналарға қатысты жүзеге асырылады.

Бұл ретте тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) беретін тіркеу құжаты инженер-инспектордың қолымен және мөрмен куәландырылады, көрсетілетін қызметті

алушының тіркеу құжатын, сондай-ақ нөмірлік белгіні алғаны туралы ақпарат ақпараттық жүйеге енгізіледі.

**Ескеरту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.**

18. Кепілге берілген немесе өзге де ауыртпалық салынған машиналарға қатысты тіркеу іс-қимылдары тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) кепіл ұстаушының немесе пайдасына тиісті ауыртпалық түрі берілген өзге де адамның мұндай тіркеу іс-қимылдарын жасауға жазбаша келісімі алынғаннан кейін жүргізіледі.

19. Тіркелген машиналарға жасалған тіркеу іс-қимылдары және олардың меншік иелері туралы анықтама мен басқа да жазбаша ақпарат:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың;

2) машиналар иелерінің жазбаша сұранымы негізінде беріледі.

20. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың атына машиналарды тіркеу жалпы негіздерде жүргізіледі.

21. Жасаушы кәсіпорындардан, машина жөндеу зауыттарынан, мемлекеттік кіріс органдары мен сауда ұйымдарынан машиналарды тіркеу орнына өз жүрісімен жеткізілген, сондай-ақ тұрғылықты жерінің немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты тіркеуші органда тіркеуден алынған машиналарға тиісінше жасаушы кәсіпорындар, машина жөндеу зауыттары, мемлекеттік кіріс органдары, сауда ұйымдары бір рет пайдалану үшін "Транзит" нөмірлік белгілерін береді.

22. Машиналарды тіркеу кезінде "Транзит" нөмірлік белгілері алынады және машиналарды тіркеу үшін негіз болған құжаттарға тігіледі, ал оларды жоғалтқан жағдайда, мән-жайларды түсіндіре отырып, жоғалған жері мен уақыты туралы құжат ұсынылады.

23. Тіркеу құжаты және (немесе) нөмірлік белгі жоғалған, бұлінген, қолданылу мерзімі аяқталған жағдайларда тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгі береді.

24. Машиналарды тіркеу есебінен алынған тіркеу құжаттары мен нөмірлік белгілер жоғалған жағдайда, тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) машинаның бұрынғы тіркелген орны бойынша машиналардың тіркеу іс-қимылдары туралы мәліметтерді ақпараттық жүйе арқылы алады. Ағымдағы тіркеу бойынша ұқсас мән-жайлар болған кезде меншік иесінің түсініктемесі сұратылады және тиісті жазбалар енгізілетін ақпараттық жүйемен салыстырып тексеру жүргізіледі.

25. Тіркеу пунктіне (көрсетілген қызметті берушіге) келіп түскен, орнына телнұсқалары мен жаңа нөмірлік белгілер берілген табылған құжаттар машиналардың нөмірлік белгілері жарамсыз деп есептеледі және оларды қайта пайдаланылу

мүмкіндігін болдырмайтын құралдармен және тәсілдермен кәдеге жаратылады, ол туралы тиісті актілер жасалады.

26. Машинаны меншік иесі болып табылмайтын адамдар пайдаланатын жағдайда, тіркеу құжатындағы "ерекше белгілер" деген бағанда машинаның иесі және машинаның пайдалануда болуы негізі (лизинг, жалға беру, муліктік жалдау шарты) көрсетіледі.

27. Жасаушы зауыттардың, занды тұлғаның жарғысы негізінде машиналар өткізуі жүзеге асыратын сауда немесе өзге де ұйымдардың өткізуге арналған және олардың жеке шаруашылық мақсаттарына пайдаланылмайтын машиналары мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

28. Машиналар жеке тұлғаларға тұрақты тұратын жері немесе уақытша тұру мерзіміне уақытша болу орны бойынша (тұрақты тіркелуі болмаған жағдайда) немесе тұрған жері бойынша мемлекеттік кіріс органында (жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркелген жағдайда) тіркеледі, занды тұлғаларға занды мекенжайы бойынша, занды тұлғалардың филиалдарына, занды тұлғаның жазбаша рұқсатымен филиалдардың орналасқан жері бойынша тіркеледі.

29. Машиналарды мемлекеттік тіркеу жалға беру, лизинг, ипотека, қарыз шарттарына сәйкес олар сенімгерлік басқаруға, шаруашылық жүргізуге берілген тұлғаларға жүргізілетін жағдайда, оларға қатысты тіркеу іс-қимылдары осы келісімдерге қатысуышының (қатысуышылардың) жазбаша келісімімен жүргізіледі.

30. Тіркеу пунктінің (көрсетілген қызметті берушінің) қызметкерлері тіркеу іс-қимылдарын жүргізген кезде жеке басын куәландыратын құжаттар негізінде жеке тұлғалардың жеке басын анықтайды.

Жеке тұлға өкілінің өкілеттіктері нотариалды куәландырылған сенімхатпен, занды тұлға өкілінің өкілеттіктері басшының қолымен және занды тұлғаның (дара кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда) мөрімен куәландырылған сенімхатпен расталады. 14 пен 18 жас аралығындағы азаматтардың жеке басын анықтау олардың занды өкілдерінің қатысуымен кәмелетке толмаған баланың туу туралы куәлігін электрондық не қағаз түрінде ұсынған кезде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.**

31. Тіркеу пункттері (көрсетілген қызметті берушілер) жасайтын тіркеу іс-қимылдары машиналарды тіркеу орны бойынша жүргізіледі. Көрсетілген іс-қимылдарды өзге орында жүргізу туралы шешім машиналарды тіркеу орны (машинаның тіркелген орны) бойынша тіркеу пункттері (көрсетілген қызметті берушілер) мен тіркеу іс-қимылдарын жүргізу болжанатын орын (көрсетілген қызметті алушы жүгінген) бойынша тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) арасындағы келісім бойынша қабылданады.

Тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) тіркеу іс-қимылдарын жүргізу болжанатын орын бойынша ақпараттық жүйе арқылы машинаның бұрынғы тіркелген орны бойынша машиналардың тіркеу іс-қимылдары туралы қажетті мәліметтерді алады.

Машиналарды тіркеу орны бойынша ақпараттық жүйеден мәліметтер алынғаннан кейін тіркеу іс-қимылдарын жүргізу болжанатын орын бойынша тіркеу пунктінде (көрсетілетін қызметті берушіде) қажетті тіркеу іс-қимылдары жасалады.

32. Машиналарды мемлекеттік тіркеу немесе өзге де тіркеу іс-қимылдары меншік иелері болып табылмайтын тұлғалар үшін жүргізілген жағдайда, машина тіркелген тұлғаның иелігінен машинаның шығуы не көрсетілген тұлғаның машинаны одан әрі иелену құқығынан айрылуы меншік иесінің бастамасы бойынша тиісті тіркеу іс-қимылдарын жүргізу және кейіннен машинаны меншік иесінің атына тіркеу үшін негіз болып табылады.

33. Қазақстан Республикасының басқа өнірлерінен немесе республикадан тыс жерлерден 2 (екі айдан) астам мерзімге келген, сондай-ақ сенімгерлік басқаруға, шаруашылық жүргізуге, жалдау, қосалқы жалдау, өтеусіз пайдалану, лизинг, қосалқы лизинг, сенімгерлікпен басқару, қарыз шарттарына немесе машиналарды иелену және (немесе) пайдалану құқығын растайтын өзге де құжатқа сәйкес берілген машиналарды уақытша тіркеуді жүзеге асыру үшін көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеу орнына (көрсетілетін қызметті берушіге) ұсынады.

Машиналарды уақытша тіркеудің қолданылу мерзімдері Қазақстан Республикасының аумағына машиналарды уақытша әкелгенде мемлекеттік кірістер органдары беретін шарттарда не құжаттарда көрсетілген мерзімдерге сәйкес белгіленеді.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

34. Машиналарды уақытша тіркеу кезінде инженер-инспектордың қолымен және мөрімен расталған машинаны уақытша тіркеу туралы анықтама беріледі және ол ақпараттық жүйеге енгізіледі.

## **2-параграф. Машиналарды қайта тіркеу**

35. Машиналарды қайта тіркеу:

- 1) меншік құқығы өзгерген;
- 2) машиналардың ортақ меншік құқығы пайда болған, тоқтатылған және ортақ меншік иелерінің құрамы өзгерген;
- 3) машина иеленушінің (иесінің) ерік білдіруі бойынша машина иеленушінің (иесінің) тұрғылықты жері (занды мекенжайы) өзгерген;

4) машина атына тіркелген жеке тұлғаның аты, әкесінің атын (бар болса), тегі не занды тұлғаның атауы өзгерген;

5) машинаны қайта жабдықтау немесе нөмірлік агрегаттарын ауыстыру, арнайы жабдық орнату және осыған ұқсас өзге де өзгерістер салдарларынан оның типі өзгерген жағдайларда жүргізіледі.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.05.2024 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Машиналарды қайта тіркеуді жүзеге асыру үшін көрсетілетін қызметті алушы тіркеу орнына (көрсетілетін қызметті берушіге) Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Машиналарды қайта тіркеу кезінде инженер-инспектор тіркеу құжатына және ақпараттық жүйеге тиісті жазбалар енгізеді. Тіркеу құжатындағы өзгерістер инженер-инспектордың қолымен және мөрімен куәландырылады.

38. Тораптарының және нөмірлік агрегаттарының нөмірленуінде тіркеу құжаттарымен алшактықтары бар машиналарды қайта тіркеу тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) қабылдаған шешімнің негізінде жүргізіледі. Бұл жағдайда, машинаның тіркеу құжатының "Ерекше белгілер" деген бөліміне инженер-инспектор көрсетілген шешімнің деректемелерін енгізеді, оның куәландырылған көшірмесі тіркеу іс-қимылдарын жүргізу негізіне тігіледі. Көрсетілетін қызметті алушылар шешімдерді жоғалтқан жағдайда, олардың көшірмелері ұсынылады.

### **3-параграф. Машиналарды тіркеу есебінен алу**

39. Машиналарды тіркеу есебінен алу:

1) машина тіркелген адамның тұрғылықты жері (занды мекенжайы) өзгерген (егер, жаңа тұрғылықты жер (занды мекенжай) машинаны тіркеген тіркеу пунктінің (көрсетілген қызметті берушінің) қызмет көрсету аумағынан тыс жерде орналасса);

2) машинаға меншік құқығы тоқтатылатын;

3) машина кәдеге жаратылатын (жарамсыз етілетін, есептен шығарылатын);

4) машина Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкетілетін жағдайларда жүргізіледі.

40. Кәдеге жаратуға (жөндеуге, есептен шығаруға) жататын машиналар көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеу орнына (көрсетілетін қызметті берушіге) ұсынған кезде тіркеуден алынады.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41. Машиналарды тіркеу есебінен алған кезде инженер-инспектор тіркеу құжатына және ақпараттық жүйеге тиісті жазбалар енгізеді. Тіркеу есебінен алу мән-жайлары көрсетілген тіркеу құжатындағы жазба инженер-инспектордың қолымен және мөрімен куәландырылады.

42. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектеулер салынған машиналар тіркеуден алынбайды, оларды тіркеуден алу салынған шектеulerдің алынғанын куәландыратын құжаттар ұсынылғаннан кейін жүргізіледі.

43. Сот шешімі негізінде мемлекет меншігіне берілетін машиналар тіркеу есебінен алынған жағдайларда, сот орындаушыларына, өзге де мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына осы Қағидаларда машиналар иелерінің өкілдері үшін көзделген талаптар қолданылады.

44. Нөмірлік агрегаттарының нөмірленуінде тіркеу құжаттарымен алшақтықтар бар машиналарды тіркеу есебінен алу тіркеу пункттері (көрсетілген қызметті берушілер) қабылдаған шешімдер (қорытындылар) негізінде жүргізіледі.

45. Егер, машиналар ортақ меншікте болса, тіркеу есебінен алу барлық меншік иелерінің жазбаша келісімі бойынша жүргізіледі.

46. Осы Қағидалардың 32-тармағында көзделген иеленушілердің іс-қимылдары жағдайларында, машиналар тіркеуден алынбайды.

47. Машиналарды тіркеу, тіркеуге (қайта тіркеуге) өзгерістер енгізу, тіркеуден алу, нөмірлік белгілерді, тіркеу құжаттарын беру немесе ауыстыру үшін негіз болған құжаттар ақпараттық жүйеге енгізіледі және үш жыл бойы сақталады.

#### **4-параграф. Ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)**

**Ескерту. 2-тарау 4-параграфпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.02.2024 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

47-1. Ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) мемлекеттік қызметті көрсету қорытындылары бойынша тіркеу құжатына және (немесе ) ақпараттық жүйеге енгізілетін мәліметтерде жаңылыс жазылған немесе қате жіберілген жағдайда жүргізіледі.

47-2. Ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) үшін көрсетілетін қызметті алушы тіркеу пунктіне (көрсетілетін қызметті берушіге) Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

47-3. Инженер-инспектор мұрағаттық материалдар негізінде Тізбенің 8-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады.

Құжаттарды тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңесі арқылы қағаз түрінде берген кезде құжаттарды қарау қорытындылары бойынша инженер-инспектор мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін – тіркеу құжатын не осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпараттық жүйедегі ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы хабарламаны не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап дайындайды және оны тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңесіне жолдайды. Тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді.

Құжаттарды портал арқылы электрондық түрде берген кезде құжаттарды қарау қорытындылары бойынша инженер-инспектор көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген уақыты мен орны көрсетілген тіркеу құжатының (төлнұсқаның) және (немесе) нөмірлік белгілердің дайындығы туралы хабарламаны не осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпараттық жүйедегі ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы хабарламаны не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауапты жолдайды.

Тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) тіркеу құжатының "ерекше белгілер" бөліміне және (немесе) ақпараттық жүйеге ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы жазба енгізу арқылы жаңылыс жазылғандарды және қате жіберілгендерді түзетуді жүзеге асырады. Тіркеу құжатының "ерекше белгілер" бөлімінде және (немесе) ақпараттық жүйеде ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы жазба инженер-инспектордың қолымен және мөрімен не электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

**5-параграф. Тракторлар мен олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы ақпарат беру**

**Ескерту. 2-тaraу 5-параграфпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.02.2024 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

47-4. Машиналар кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы ақпаратты алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеу пунктіне (көрсетілетін қызметті берушіге) ұсынады.

Үшінші тұлғалар машинадар кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы ақпаратты өзіне қатысты порталдағы "жеке кабинеттен" ұсынылған мәліметтер сұратылатын адамның келісімі болған жағдайда, сондай-ақ порталда тіркелген субъектінің ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік құпия сөзді беру арқылы немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ала алады.

47-5. Машиналар кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы ақпарат беру кезінде инженер-инспектор:

1) ақпараттық жүйеде машинадардың кепілі (немесе өзге де ауыртпалықтары) туралы мәліметтердің болуына не болмауына тексеруді жүзеге асырады;

2) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін – тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машинадардың кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы үзінді-көшірме дайындауды.

Құжаттарды тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңесі арқылы қағаз түрінде берген кезде тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға (үшінші тұлғаға) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді.

Құжаттарды портал арқылы электрондық түрде берген кезде инженер-инспектор көрсетілетін қызметті алушының (үшінші тұлғаның) порталдағы жеке кабинетіне тіркеу пункті басшысының (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машинадардың кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы үзінді-көшірмені жолдайды.

**3-тaraу. Тіркеу пункттерінің (көрсетілетін қызметті берушінің) және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысты шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

48. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым тіркеу

пункттері (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органға беріледі.

Шағым Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабы 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік орган және (немесе) лауазымды адам) жібереді. Қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-қимыл жасалған жағдайда, тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) шағымды 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды тұлғаға) жібермейді.

**Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

49. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес :

тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

**Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

50. Тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің), мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабы 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпаратты алу қажет болған жағдайда, 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілдіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

**Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

51. Егер занда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-күрілес машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.02.2024 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Нысан



## Технический паспорт Техникалық паспорт

### 1. Жалпы мәліметтер

#### Общие сведения

1) машинаның атауы және маркасы

наименование и марка машины \_\_\_\_\_

2) шығарушы зауыт

завод-изготовитель \_\_\_\_\_

3) шығарылған айы және жылы

месяц и год изготовления \_\_\_\_\_

4) машинаның зауыттық нөмірі

заводской номер машины \_\_\_\_\_

5) қозғалтқыштың маркасы және номиналды куаттылығы

марка двигателя и номинальная мощность \_\_\_\_\_

6) меншік иесі/меншік иесі болып табылмайтын иеленуші және мекенжайы:  
(керек емесі сзысылын)

собственник/владелец, не являющийся собственником и адрес:

(ненужное зачеркнуть)

7) нөмірлік белгісі берілді \_\_\_\_\_ присвоен номерной знак.

8) ерекше белгілер

особые отметки

\_\_\_\_\_

Техникалық паспорт

Технический паспорт выдан \_\_\_\_\_ жылы (года) берілді.

(инженер-инспектор, инженер-инспектор) (қолы, подпись)

Мөр орны

Место печати

Сериясы серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

2. Машиналарды тіркеуге қабылдау және тіркеуден алу

Прием и снятие машин с регистрации

1) снята с регистрации вследствие \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ салдарынан тіркеуден алынды.

\_\_\_\_\_ жылғы (год) " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

2) принятна на регистрацию \_\_\_\_\_

(жаңа меншік иесінің мекенжайы, адрес нового собственника)

\_\_\_\_\_ тіркеуге қабылданды

\_\_\_\_\_ жылғы (год) " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

3) снята с регистрации вследствие \_\_\_\_\_

салдарынан тіркеуден алынды.

жылғы (год) " \_\_ " \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

4) принята на регистрацию \_\_\_\_\_

(жаңа меншік иесінің мекенжайы, адрес нового собственника)

тіркеуге қабылданды

жылғы (год) " \_\_ " \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

5) снята с регистрации вследствие \_\_\_\_\_

салдарынан тіркеуден шығарылды.

жылғы (год) " \_\_ " \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

6) принята на регистрацию \_\_\_\_\_

(жаңа меншік иесінің мекенжайы, адрес нового собственника)

тіркеуге қабылданды

жылғы (год) " \_\_ " \_\_\_\_\_

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

Сериясы серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

3. Нөмірлік белгінің өзгеруі

Изменение номерного знака

Нөмірлік белгінің берілген уақыт ы Дата выдачи номерного знака	Белгінің сериясы мен нөмірі Серия и номер знака	Инспектордың қолы және мөр Подпись инспектора и печать
--	--	---

4. Агрегаттарды жөндеу және ауыстыру туралы мәліметтер

Сведения о ремонте и замене агрегатов

Жөндеудің жүргізілген уақыты Дата проведения ремонта	Жөндеулердің, ауыстырылған агрегаттардың атаву және олардың нөмірлері Наименование ремонтов, замененных агрегатов и их номера	Жөндеуге жауапты адамның қолы Подпись лица, ответственного за ремонт
---	---	---

Сериясы

серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

5. Техникалық жай-күйін қарап тексеру Осмотр технического состояния

Күні Дата	Техникалық жай-күйі Техническое состояние	Пайдаланылуынан бастап қарап-тексеру сәтіне дейінгі жұмыс жасауы Выработка к моменту осмотра с начала эксплуатации	Инспектордың қолы Подпись инспектора
-----------	--	--	---

Сериясы

серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.

23.12.2024 № 410 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-кұрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

"Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-кұрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.05.2024 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атаяу: "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-кұрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру"

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлері:

1. Машиналарды тіркеу.
2. Машиналарды қайта тіркеу.
3. Машиналарды тіркеу есебінен шығару.
4. Тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгіні алу.
5. Ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету).
6. Тракторлар мен олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-кұрылыш машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналардың кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы акпарат беру.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	<p>Жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтініштерін қабылдау:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) "электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал);</li> <li>2) көрсетілетін қызметті берушінің қенессі арқылы жүзеге асырылады.</li> </ol> <p>"Машиналарды тіркеу", "Машиналарды қайта тіркеу", "Машиналарды тіркеуден шығару", "Тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгі алу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің кіші түрлері бойынша, сондай-ақ "Ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрі бойынша тіркеу құжатындағы ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) кезінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің қенессі арқылы жүзеге асырылады.</p>
		<p>"Тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдері, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналар кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрі бойынша, сондай-ақ "Ауыл шаруашылығы техникасы туралы ақпаратты өзектендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрі</p>

		бойынша акпараттық жүйеде ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (тұзету) кезінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кенсесі арқылы не портал арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) портал арқылы – 1 жұмыс күні; 2) көрсетілетін қызметті берушінің кенсесі арқылы – 2 жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің барлық кіші түрлері бойынша: электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Машиналар үшін тіркеу күжатын (телінұсқасын) және (немесе) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін (бұдан әрі – нөмірлік белгі) беру немесе машиналарды есептен алу туралы тіркеу күжатындағы белгі немесе машинаны уақытша тіркеу туралы анықтама немесе акпараттық жүйедегі ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (тұзету) туралы хабарлама немесе тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылым машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы үзінді-көшірме не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.
		Мемлекеттік баждар мен алымдар мөлшері: 1) тракторларды, олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, олардың тіркемелерін (арнайы жабдықпен монтаждалған тіркемелерді қоса

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алышатын төлемакы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері

алғанда), өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін мемлекеттік тіркеу үшін техникалық паспорт бергені үшін – 0,5 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);  
 2) тракторларға, олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне (арнайы жабдықпен монтаждалған тіркемелерді қоса алғанда), өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін бергені үшін – 1 АЕК-ні;  
 3) механикалық көлік құралын (бастапқы мемлекеттік тіркеу жүргізілетін көлік құралынан басқа) немесе тіркемені мемлекеттік тіркегені үшін – 0,25 АЕК-ні;  
 4) механикалық көлік құралын немесе тіркемені қайта тіркегені үшін – 0,25 АЕК-ні;  
 5) механикалық көлік құралын немесе тіркемені мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын бергені үшін – 0,25 АЕК-ні қурайды.  
 Порталда мемлекеттік баждар мен алымдарды төлеу порталда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүргізіледі.

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.  
 Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен – сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

	<p>Мемлекеттік қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі</p>	<p>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылсыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;</p> <p>2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодеске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>1. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесіне жүгінген кезде:</p> <p>машиналарды тіркеу кезінде:</p> <p>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;</p> <p>2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);</p> <p>3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (кайта тіркеу) туралы куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат;</p> <p>4) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың бюджетке төленгенін растайтын құжат;</p> <p>5) Казақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Экологиялық кодекс) 386-бабына сәйкес машиналарды бастапқы тіркеу кезінде өндірушілердің (</p>

импорттаушылардың) кенейтілген міндеттемелерді орындауын растайтын құжат;

6) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады:

азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұрага алу құқығы туралы құжаттар;

сот күәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының мемлекеттік органның орындалуы тиіс іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі коса берілген атқару параграфы;

кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАӘО) елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме;

7) машиналарды бастапқы тіркеу жағдайында:

өндіруші зауыттың қозғалтқыштың номиналды қуатын растайтын құжатының көшірмесі немесе өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің паспортының көшірмесі / өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорты; сәйкестік сертификатының немесе сәйкестік туралы декларацияның көшірмесі ("Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы " Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 010/2011) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты ұсына отырып кедендік декларация берілетін өнім тізбесін бекіту туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Кенесінің 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 6 (бұдан әрі – № 6 шешім) шешімдеріне сәйкес);

8) занды тұлғаның көлік құралын езінің құрылымдық бөлімшесіне немесе басқа занды не жеке

тұлғага белу және беру туралы осы ұйымның (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) мөрімен қуәландырылған бүйрығы (өкімі);

Қазақстан Республикасының басқа облыстарынан немесе республикадан тыс жерлерден келетін машиналарды уақытша тіркеуді жүзеге асыру кезінде:

1) осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;

2) техникалық паспорттың түпнұсқасы;

3) жалға беру, қосалқы жалдау, өтеусіз пайдалану, лизинг, қосалқы лизинг, сенімгерлік басқару, шаруашылық жүргізу, қарыз шарты немесе машиналарды иелену және (немесе) пайдалану құқығын растайтын өзге де құжат, ал уақытша әкелінген машиналар үшін – машина уақытша тіркеуге қойылатын участкениң немесе аумақтың иеленушінің (иесінің) келісімі;

4) машиналарды республикадан тыс жерлерден әкелген кезде – кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері экспорттау міндеттемесі); машиналарды қайта тіркеген кезде :

меншік құқығы өзгерген немесе ортақ меншік пайда болған, тоқтатылған және машиналардың ортақ иелерінің құрамы өзгерген немесе машина иеленушінің (иесінің) түрғылықты жері (занды мекенжайы) өзгерген, машина иеленушінің (иесінің) ерік білдіруі бойынша немесе машина тіркелген тұлғаның, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген жағдайларда:

- 1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша етініш;
- 2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат;
- 4) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжат;
- 5) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады:  
азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, күәліктер, мұлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар;  
сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының мемлекеттік органның орындауды тиіс іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парагы; нөмірлік агрегаттарды қайта жабдықтау немесе ауыстыру, арнайы жабдықты орнату және өзге де осындай өзгерістер салдарынан машинаның түрі өзгерген жағдайларда:
  - 1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша етініш;
  - 2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);
  - 3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не

цифрлық құжаттар сервисінен  
цифрлық құжат;

4) Салық кодексінің 553 және 615-  
баптарында белгіленген бюджетке  
баждар мен алымдардың  
төлөнгенін растайтын құжат;

5) тіркеу құжаты, нөмірлік белгі "Механикалық көлік құралдарының жекелеген түрлеріне және олардың тіркемелеріне арналған жарықты шағылыстыратын жабыны бар мемлекеттік тіркеу белгілері. Техникалық шарттар" ҚР СТ 1176 Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік стандарт) талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;

машиналарды тіркеу есебінен шығару кезінде (машинаны қәдеге жаратудан, бас тартудан, есептен шығарудан, қызмет көрсету аумағынан тыс жерге ауыстырудан басқа, сондай-ақ машинаны иеліктен шығару жөніндегі мәміленің алдындағы әрекеттерді қоспағанда):

1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;

2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат не цифрынан құжаттар сервисінен цифрынан құжат (сәйкестендіру үшін);

3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не цифрынан құжаттар сервисінен цифрынан құжат;

4) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады:

азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұрага алу құқығы туралы құжаттар;

сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының мемлекеттік

органның орындауы тиіс іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парагы; тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгі алған кезде:

- 1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшага сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;
- 2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын қуәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат;
- 4) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжат; кәдеге жаратуға жататын машиналарды есептен шығару (шығарып тастау, есептен шығару) кезінде:

жеке тұлғалар үшін:

- 1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшага сәйкес 1-нысан бойынша өтініш;
- 2) тіркеу құжаты, нөмірлік белгі; заңды тұлғалар үшін:
  - 1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшага сәйкес 2-нысан бойынша өтініш;
  - 2) тіркеу құжаты, нөмірлік белгі;
  - 3) есептен шығару акті (тіркеу құжаттары немесе сынған машиналардың мемлекеттік нөмірлік белгісі болмаған жағдайда, өтініштерде олардың жоғалу жағдайлары, орны мен уақыты көрсетіледі);

1) осы мемлекеттік қызмет көрсетеүге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша етініш;

2) техникалық паспорттың көшірмесі (тіркеу құжатындағы ауыл шаруашылығы техникиасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) үшін – техникалық паспорттың түпнұсқасы);

3) ауыл шаруашылығы техникиасына өндіруші зауыттың құжатының немесе өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің паспортының көшірмесі / өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорты; машиналар кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы ақпаратты алу үшін:

1) осы мемлекеттік қызметті көрсетеүге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша етініш.

2. Порталға жүтінген кезде:  
машиналарды тіркеген кезде:

1) осы мемлекеттік қызмет көрсетеүге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы етініш;

2) Экологиялық кодекстің 386-бабына сәйкес машиналарды бастапқы тіркеу кезінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кенейтілген міндеттемелерді орындаудың растайтын электрондық құжат;

3) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) машиналарға меншік құқығын растайтын құжаттардың

Мемлекеттік қызметті көрсету ушін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

электрондық көшірмелері, оларға мыналар жатады:

азаматтық заннама талаптарына сыйкес ресімделген шарттар, мәмілелер, қуәліктер, мүлікті мұрага алу құқығы туралы құжаттар;

сот шешімінің, қаулының, сот орындаушысының мемлекеттік органның орындауды тиіс іс-әрекеттері туралы хабарламасының сот

куәландырган көшірмесі бар атқару парагы;

кедендік ресімдеуден өткенін раставтын құжаттар (ЕАӘО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері экспорттау міндеттемесі);

5) машиналарды бастапқы тіркеу жағдайында:

өндіруші зауыттың қозғалтқыштың номиналды қуатын раставтын құжатының электрондық көшірмесі немесе өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің паспортының электрондық көшірмесі/ өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорты; сәйкестік сертификатының немесе сәйкестік туралы декларацияның көшірмесі (№ 6 шешімге сыйкес);

6) занды тұлғаның (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) мөрімен куәландырылған көлік құралын өзінің құрылымдық бөлімшесіне немесе басқа занды не жеке тұлғаға бөлу және беру туралы занды тұлға бұйрығының (өкімінің) электрондық көшірмесі; Қазақстан Республикасының басқа облыстарынан немесе республикадан тыс жерлерден келген машиналарды уақытша тіркеуді жүзеге асыру кезінде:

1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сыйкес 1, 2-нысандар бойынша

- корсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы қойылған электрондық күжат нысанындағы өтініш;
- 2) техникалық паспорттың тұпнұсқасы (мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу үшін корсетілетін қызметті берушіге ұсынылады);
- 3) жалға беру, қосалқы жалдау, өтеусіз пайдалану, лизинг, қосалқы лизинг, сенімді басқару, шаруашылық жүргізу, қарыз немесе машиналарды иелену және (немесе) пайдалану құқығын растайтын өзге де құжаттардың электрондық көшірмелері, ал уақытша әкелінген машиналар үшін – машина уақытша тіркеуге қойылатын участекің немесе аумақтың иесінің (иесінің) келісімі;
- 4) республикадан тыс жерден машиналарды әкелген кезде – кедендей ресімдеуден өткенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендей декларация, кедендей кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері экспорттау міндеттемесі);
- машиналарды қайта тіркеу кезінде :
- меншік құқығы өзгерген, ортақ меншік пайда болған, тоқтатылған және машиналардың ортақ меншік иелерінің құрамы өзгерген, машина иеленушінің (меншік иесінің) тұргылықты жері (занды мекенжайы) өзгерген жағдайларда, машина иеленушінің (иесінің) ерік білдіруі бойынша, машина тіркелген адамның аты, экесінің аты (бар болса), тегі өзгерген жағдайларда:
- 1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша корсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы қойылған электрондық күжат нысанындағы өтініш;
- 2) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, Салық

кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) машиналарға меншік құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, оларға мыналар жатады:

азаматтық заңнама талаптарына сәйкес ресімделген шарттар, мәмілелер, қуәліктер, мүлікті мұрага алу құқығы туралы құжаттар;

сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының мемлекеттік органның орындауды тиіс іс-әрекеттері туралы хабарламасының сот куәландырган көшірмесі бар атқару парады;

қайта жабдықтау немесе ондағы нөмірленген агрегаттарды ауыстыру, арнайы жабдықты орнату және өзге де осыған ұқсас өзгерістерге байланысты машинаниң типі өзгерген жағдайда:

1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) тіркеу құжаты, нөмірлік белгі (Мемлекеттік стандарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда), тіркеу құжаты, нөмірлік белгі (мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алуға өтініш берген кезде ұсынылады);

машиналарды есептен шығару кезінде (машиналарды кәдеге жаратудан, бас тартудан, есептен шығарудан, қызмет көрсету

аумағынан тыс жерге ауыстырудан басқа, сондай-ақ машинаны иеліктен шығару жөніндегі мәміленің алдындағы әрекеттерді қоспағанда):

1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы қойылған электрондық күжат нысанындағы өтініш;

2) машиналардың меншік құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, олар: азаматтық заңнаманың талаптарына сәйкес жасалған келісімдер, мәмілелер, анықтамалар, мұлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар; сот шешімінің, қаулының, сот орындаушысының орындауға жататын мемлекеттік органның әрекеттері туралы хабарламасының сот куәландырган көшірмесі қоса берілген атқару парагы;

тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгіні алған кезде:

1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы қойылған электрондық күжат нысанындағы өтініш;

2) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

кәдеге жаратуға (жарамсыз деп тану, есептен шығару) жататын машиналарды тіркеу есебінен шығару кезінде:

жеке тұлғалар үшін:

1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы қойылған электрондық күжат нысанындағы өтініш;

2) тіркеу құжаты, нөмірлік белгі (көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсете нәтижесін алу үшін жүгінген кезде көрсетіледі);

занды тұлғалар үшін:

1) осы мемлекеттік қызмет көрсетеуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне косымшага сәйкес 2-нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы қойылған электрондық күжат нысанындағы өтініш;

2) тіркеу құжаты, мемлекеттік нөмірлік белгі (көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметті көрсете нәтижесін алу үшін жүгінген кезде көрсетіледі);

3) есептен шығару актінің электрондық көшірмесі (тіркеу құжаттары немесе кәдеге жарату машиналарының мемлекеттік белгілері болмаған жағдайда, мәлімдемелерде олардың жоғалу жағдайлары, орны мен уақыты көрсетіледі);

ауыл шаруашылығы техникасы туралы ақпаратты өзектендіру (түзету) үшін:

1) осы мемлекеттік қызмет көрсетеуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне косымшага сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы қойылған электрондық күжат нысанындағы өтініш;

2) техникалық паспорттың электрондық көшірмесі (тіркеу құжатындағы ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) үшін – техникалық паспорттың түпнұсқасы (мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу кезінде көрсетілетін қызметті берушіге беріледі));

3) ауыл шаруашылығы техникасына өндіруші зауыт құжатының электрондық көшірмесі немесе өздігінен жүретін машина мен басқа да

техника түрлерінің паспортының электрондық көшірмесі / өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорты;

машиналарда кепілдің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы ақпаратты алу үшін:

1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшага сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦК-сы қойылған электрондық күжат нысанындағы өтініш.

Жеке басын куәландыратын қүжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу немесе дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, сондай-ақ машиналарды тіркегені үшін бюджетке алымдар мен алымдарды төлеу туралы мәліметтерді ЭҮТШ арқылы төлем жасалған жағдайда, тіркеу пунктінің қызметкери "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорты туралы мәліметтерді тіркеу пунктінің қызметкери көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассилерінің паспорттары) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттары жүйесінен алады.

Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыдан сұратуға жол берілмейді.

Меншік иесінің немесе иеленушінің атынан өкілдер тіркеу іс-әрекеттерін жүзеге асырган жағдайларда, көрсетілетін қызметті берушіге осы тармақта белгіленген құжаттардан басқа, меншік иесінің немесе

иеленушінің мұдделерін білдіру жөніндегі өкілеттігін куәландыратын күжаттар ұсынылады.

Бұрын Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеудеболған автокөлік мемлекеттік тіркелуі тиіс болған жағдайларда, көрсетілетін қызметті берушіге осы тармақта белгіленген күжаттардан басқа алдыңғы тіркеу қүжаты ұсынылады, алайда осы күжаттың ұсынылауы мемлекеттік тіркеуді жүргізуден бас тартуға негіз болып табылмайды.

Машиналарды тіркеуді қоса алғанда, тіркеу іс-шараларын жүргізу кезінде меншік иесі болып табылмайтын тұлғаларға меншік құқығын растайтын мына күжаттар ұсынылады:

шарт (жалға алу, қосалқы жалдау, лизинг, қосалқы лизинг, кепілдік) және машинаны қабылдау акті; меншік иесі қол қойған (жеке тұлғалар үшін), заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған (заңды тұлғалар үшін) машина иесінің тиісті тіркеу әрекетін жасауға меншік иесінің жазбаша келісімі.

Тіркеу әрекеттері жүргізілетін машина ортақ меншіктे болса, онда барлық меншік иелері тіркеу қүжаттарында көрсетіледі және барлық қүжаттар машинаның барлық иелерінің атынан беріледі. Жеке тұлғалардың ортақ мүлкін иелікten шығарудың негізі нотариалды куәландырылған мәміле болып табылады.

Меншік иелері 14 жасқа толмаған кәмелетке толмаған азаматтар болып табылатын жағдайларда, олардың атынан тіркеу әрекеттерін заңды өкілдер электронды немесе қағаз түрінде тuu туралы күәлікті ұсына отырып жүзеге асырады.

Меншік иелері 14 жастан 18 жасқа дейінгі тұлғалар болып табылатын жағдайларда, тіркеу әрекеттерін осы адамдар заңды өкілдерінің

	<p>жазбаша келісімімен электрондық немесе қағаз жеткізгіштегі ту туралы куәлікті ұсына отырып жүзеге асырады.</p> <p>Машиналарды заңды және жеке тұлғалар аукциондар мен сауда биржалары арқылы сатып алған жағдайда: аукционның хаттамасы және уәкілетті тұлғалардың қолдары қойылған сатып алу-сату шарты ұсынылады.</p>
9	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер</p> <p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті аруды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тығым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айрылған болуы;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге кол жеткізуге келісімінің болмауы.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда, портал</p>

Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ Бірынғай байланыс орталығы (1414), 8 800 080 7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына мемлекеттік қызметті көрсетудің негізгі талаптарының тізбесіне қосымша 1-нысан  
(жеке тұлғалар үшін)

(кімге) \_\_\_\_\_

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органды)

(кімнен) азамат \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

туған жылы \_\_\_\_\_

мекенжайы \_\_\_\_\_

(тұрғылықты жерінің мекенжайы көрсетіледі)

паспорт (жеке күәлік) № \_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

## Өтініш

сұраймын.

Машинаның типі \_\_\_\_\_ маркасы \_\_\_\_\_  
шығарылған жылы \_\_\_\_\_  
зауыттың нөмірі \_\_\_\_\_ қозғалтқыштың маркасы \_\_\_\_\_  
нөмірлік белгісі \_\_\_\_\_, техникалық паспорт нөмірі \_\_\_\_\_

Отінішке мынадай құжаттарды қоса ұсынамын:

1. \_\_\_\_\_
  2. \_\_\_\_\_
  3. \_\_\_\_\_
- 20 \_\_\_\_ жылғы " "

Ұсынылған ақпараттың дүрыстығын растаймын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дүрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

---

(қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Инженер-инспектордың қызметтік белгілері:

Берілді: нөмірлік белгі \_\_\_\_\_  
техникалық паспорт сериясы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
20 \_\_\_\_ жылғы " "

---

(инженер-инспектордың қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

2-нысан

(занды тұлғалар үшін)

Кімге \_\_\_\_\_  
(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органды)

---

(занды тұлғаның атауы)

---

(занды тұлғаның мекенжайы)

бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

## Отініш

сұраймын.

Машинаның типі \_\_\_\_\_ маркасы \_\_\_\_\_  
шығарылған жылы \_\_\_\_\_ зауыттың нөмірі \_\_\_\_\_

қозғалтқыштың маркасы \_\_\_\_\_ нөмірлік белгісі \_\_\_\_\_,

техникалық паспорт нөмірі \_\_\_\_\_

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса ұсынамын:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ жылғы " " \_\_\_\_\_

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

---

(меншік иесінің (иеленушінің) қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Инженер-инспектордың қызметтік белгілері:

Берілді: нөмірлік белгі \_\_\_\_\_

техникалық паспорт сериясы \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ жылғы " " \_\_\_\_\_

---

(инженер-инспектордың қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Тракторларды және олардың  
базасында жасалған өздігінен

жүретін шассилер мен  
механизмдерді, монтаждалған

арнаулы жабдығы бар  
тіркемелерді қоса алғанда,

олардың тіркемелерін, өздігінен

жүретін ауылшаруашылық,  
мелиорациялық және жол-  
құрылым машиналары мен  
механизмдерін, жүріп өту

мүмкіндігі жоғары арнайы  
машиналарды мемлекеттік

тіркеу қағидаларына

3-қосымша

Нысан

### Машиналарды тіркеудің электрондық тізілімі Электронный реестр регистрации машин

Реттік сан № № п/п	Машиналардың типі мен маркасы Тип и марка машин	Шыққан (жасалған) жылы Год выпуска (изготовления)	Машиналар туралы дерекеттер Данные о машинах ( Зауыттық нөмірі Заводской номер
1	2	3	4

Меншік иесінің атасы немесе аты, экесінің атасы (бар болса), тегі. Мекенжайы, жұмыс орны – жеке тұлғалар үшін Наименование или фамилия, имя, отчество (при его наличии) собственника. Адрес, место работы – для физических лиц	Техникалық паспорт берілді Выдан технический паспорт
Күні Дата	Сериясы, номері Серия, номер
5	6

Нөмірлік белгі берілді Выдан номерной знак	Меншік иесінің, машина иесінің өзгерістері, тіркеуден алу, нөмірлік белгілерді тапсыру, техникалық паспортты немесе нөмірлік белгіні ауыстыру туралы белгі	Ескертпе
Күні Дата	Сериясы, номері Серия, номер	Отметка об изменениях собственника, владельца машины, снятии с регистрации, сдаче номерных знаков, замене технического паспорта или номерного знака
8	9	10

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-күрүліс машиналары мен механизмдерін, жүріп оту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына

4-қосымша

**Ескерту. 4-қосымша алып тасталды – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.**

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда,

олардың тіркемелерін, өздігінен  
жүретін ауылшаруашылық,  
мелиорациялық және жол-  
құрылым машиналары мен  
механизмдерін, жүріп өту  
мүмкіндігі жоғары арнайы  
машиналарды мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
5-қосымша

**Ескерту. 5-қосымша алып тасталды – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

Тракторларды және олардың  
базасында жасалған өздігінен  
жүретін шассилер мен  
механизмдерді, монтаждалған  
арнаулы жабдығы бар  
тіркемелерді қоса алғанда,  
олардың тіркемелерін, өздігінен  
жүретін ауылшаруашылық,  
мелиорациялық және жол-  
құрылым машиналары мен  
механизмдерін, жүріп өту  
мүмкіндігі жоғары арнайы  
машиналарды мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
6-қосымша

### **Машиналарды қарап-тексеру жөніндегі фотоматериалдарды ұсынуға арналған өлшемшарттар**

**Ескерту. 6-қосымша алып тасталды – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

Тракторларды және олардың  
базасында жасалған өздігінен  
жүретін шассилер мен  
механизмдерді, монтаждалған  
арнаулы жабдығы бар  
тіркемелерді қоса алғанда,  
олардың тіркемелерін, өздігінен  
жүретін ауылшаруашылық,  
мелиорациялық және жол-  
құрылым машиналары мен  
механизмдерін, жүріп өту  
мүмкіндігі жоғары арнайы  
машиналарды мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

(көрсетілетін қызметті алушының атауы және мекенжайы)

## Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Аудыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес

---

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы мен мекенжайын көрсету)

Сіздің машиналарды тіркеу шарттары туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы Қағидаларға

2-қосымшага сәйкес көзделген мәліметтерді/күжаттар тізбесін, атап айтқанда:

1. \_\_\_\_\_;
2. \_\_\_\_\_;
3. \_\_\_\_\_

өтініште толық көрсетпеуіңізге/ұсынбауыңызға байланысты \_\_\_\_\_

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы көрсетіледі) мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тартады. Осы бас тарту әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

---

(тіркеуші орган қызметкерінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (қолы))

Алдың \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-күрүліс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына

8-қосымша

Нысан



[уәкілетті органның  
мемлекеттік тілдегі  
атауы ]

[Уәкілетті органның  
мемлекеттік тілдегі  
деректемелері]

[хабарлама нөмірі]  
[хабарламаны беру күні

[уәкілетті органның орыс тіліндегі атауы]

[уәкілетті органның орыс тіліндегі деректемелері]





[Көрсетілетін қызметті  
алушының атауы]  
[Көрсетілетін қызметті  
алушының  
деректемелері]

Беру уақыты мен орны көрсетіле отырып, тіркеу құжатының (төлнүсқасының) және(немесе) нөмірлік белгінің дайын екендігі туралы хабарлама/

Уведомление о готовности регистрационного документа (дубликата) и (или) номерного знака, с указанием времени и места выдачи

[Хабарлама мәтіні/Текст уведомления]

[Жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы] [қол қоюшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»  
равнозначен документу на бумажном носителе.

Тракторларды және олардың  
базасында жасалған өздігінен  
жүретін шассилер мен  
механизмдерді, монтаждалған  
арнаулы жабдығы бар  
тіркемелерді қоса алғанда,  
олардың тіркемелерін, өздігінен  
жүретін ауылшаруашылық,  
мелиорациялық және жол-  
құрылыш машиналары мен

механизмдерін, жүріп өту  
мүмкіндігі жоғары арнайы  
машиналарды мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
9-қосымша

**Техникалық паспорттар бланкілерінің сериясында және мемлекеттік нөмірлік белгілерде  
қолданылатын Қазақстан Республикасының облыстары мен қалаларының латын  
транскрипциясындағы әріптік белгілері тізбесі**

**Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Аудыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

p/c	Өнірдің атауы	Әріптік белгі
1.	Астана қаласы	Z
2.	Алматы қаласы	A
3.	Ақмола облысы	C
4.	Ақтөбе облысы	D
5.	Алматы облысы	B
6.	Атырау облысы	E
7.	Батыс Қазақстан облысы	L
8.	Жамбыл облысы	H
9.	Қарағанды облысы	M
10.	Қостанай облысы	P
11.	Қызылорда облысы	N
12.	Манғыстау облысы	R
13.	Түркістан облысы	X
14.	Павлодар облысы	S
15.	Солтүстік Қазақстан облысы	T
16.	Шығыс Қазақстан	F
17.	Шымкент қаласы	Y
18.	Абай облысы	G
19.	Жетісу облысы	Q
20.	Ұлытау облысы	W

Тракторларды және олардың  
базасында жасалған өздігінен  
жүретін шассилер мен  
механизмдерді, монтаждалған  
арнаулы жабдығы бар  
тіrkемелерді қоса алғанда,  
олардың тіrkемелерін, өздігінен  
жүретін ауылшаруашылық,  
мелиорациялық және жол-  
курылым машиналары мен  
механизмдерін, жүріп өту  
мүмкіндігі жоғары арнайы

машиналарды мемлекеттік  
тіркеу көрсету қағидаларына  
10-көсімшаш  
Нысан

**Нәмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың келіп түсуін және берілуін есепке алу**  
**журналы Журнал учета поступления и выдачи номерных знаков и технических паспортов**

Келіп түсуі Поступление			
Күні Дата	Қайдан келіп түсті, жүккүжаттың немесе ілеспе хаттың нөмірі Откуда поступили № накладной или сопроводительного письма	Саны Количество	Сериясы мен нөмірлері Серия и Номера
1	2	3	4

Берілуі Выдача						
Берілген күні Дата выдачи	Беру үшін негіз Основания для выдачи	Кімге берілді ( инспекцияны ң атауы, алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) Кому выдано ( наименование инспекции, фамилия, имя, отчество (при его наличии) получателя)	Саны Количество	Сериясы мен нөмірлері Серия и номера	Алғандығы туралы қолхат Расписка в получении	Ескертпе Примечание
5	6	7	8	9	10	11

Тракторларды және олардың  
базасында жасалған өздігінен  
жүретін шассилер мен  
механизмдерді, монтаждалған  
арнаулы жабдығы бар  
тіркемелерді қоса алғанда,  
олардың тіркемелерін, өздігінен  
жүретін ауылшаруашылық,  
мелиорациялық және  
жол-курылым машиналары мен  
механизмдерін, жүріп ету  
мүмкіндігі жоғары арнайы  
машиналарды мемлекеттік

тіркеу қағидаларына  
11-қосымша

Ескерту. Қағидалар 11-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.02.2024 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Нысан

Нысан		
		
[Уәкілдегі органның мемлекеттік тілдегі атауы]		[Уәкілдегі органның орыс тіліндегі атауы]
[Уәкілдегі органның мемлекеттік тілдегі деректемелері] [хабарлама нөмірі] [хабарламаның берілген күні]		[Уәкілдегі органның орыс тіліндегі деректемелері] [Көрсетілетін қызметті алушының атауы] [Көрсетілетін қызметті алушының деректемелері]

## Ақпараттық жүйедегі ауыл шаруашылығы техникасы туралы ақпаратты өзектендіру (түзету) туралы хабарлама

[Хабарлама мәтіні]

[Жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы]

[қол қоюшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі]

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылым машиналары мен механизмдерін, жүріп ету мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды

мемлекеттік тіркеу

қағидаларына

12-қосымша

Ескерту. Қағидалар 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.02.2024 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы үзінді-көшірме                  күнге

Кепіл беруші мен кепіл ұстаушы туралы деректер, олардың деректемелері, оның ішінде мекенжайлары, банктік деректемелері, телефон нөмірлері, сондай-ақ электрондық пошта мекенжайлары (бар болса)	Негізінде ипотекалық құқықтық қатынастар (ауыртпалықтар) туындастын құжат туралы мәліметтер	Кепіл шартын немесе кепіл ауыртпалық (талаптарын қамтитын өзге құжатты жасау күні мен орны	( Кепіл (ауыртпалық) нысанасы болып табылатын мүліктің тізбесі және (немесе ) жалпы сипаттамасы	Кепілмен (ауыртпалықпен) қамтамасыз етілген міндеттемені орындау мерзімі
---	---	--	---	--

Уәкілетті лауазымды тұлға \_\_\_\_\_  
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(қолы) (электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Мөрдің орны

Берілген күні 20        жылғы         
(мәліметтер үзінді-көшірме берілген күннің алдындағы жұмыс күнінің соңында ұсынылды)